... Лира шоқжұлдызындағы бір жұлдыз оның есімімен аталған.





ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ

БАРИТОН

Кеңес Одағының және Қазақстанның халық артисі.
Социалистік Еңбек Ері.
Кеңес Одағының және Қазақстанның
Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты.
Халықаралық байқаулардың лауреаты.
Профессор

Народный артист СССР и Казахстана.
Герой Социалистического Труда.
Лауреат международных конкурсов.
Лауреат Государственных премий СССР и Казахстана.
Профессор

Алматы
2006

ББК 85.31 я 6
Е 69

Е 69 **Ермек Серкебаев.** Фотоальбом. – Алматы, 2006.– 96 бет.

ISBN 9965-34-624-0

Кітап қазақ халқының аса дарынды перзенттерінің бірі, ұлттық опера өнерінің жаңа беттерін ашып, оны ары қарай дамытуға мол үлес қосқан опера әншісі, күміс көмей-баритон Ермек Серкебаевтың өмірі мен шығармашылық белестеріне арналған.

42982

Е 4905000000-234
418 (05)-06

ББК 85.31 я 6

ISBN 9965-34-624-0

© Е. Серкебаев, 2006

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА



В этом альбоме опубликованы наиболее интересные фотоматериалы из архива выдающегося певца, народного артиста СССР и Казахстана, Героя Социалистического Труда, лауреата Государственных премий СССР и Казахстана, лауреата международных конкурсов, профессора Ермека Бекмухамбетовича Серкебаева.

К сожалению, многие из фотографий безвозвратно утеряны, другие находятся у друзей, знакомых, поклонников певца.

В этом альбоме мы попытались отобразить яркую и богатую событиями жизнь талантливого музыканта, выдающегося актера, педагога, общественного деятеля и патриота своей Родины, счастливого сына, отца и мужа.

В своем вступительном слове Е.Б.Серкебаев поведал о некоторых страницах своей биографии и сделал это очень откровенно и с мягким юмором.

Надеемся, что это издание поможет почитателям Серкебаева лучше узнать о его творчестве, вкладе в искусство, об истории нашей казахстанской культуры.

Бұл кітап менің өмір жолымның тек аз бөлігін ғана қамтиды.

Менің өмірімде асқарға шығып, асудан түсулермен қатар үлкен шығармашылық жеңістер де аз болмады.

Алаңсыз, ойсыз, қызығы мен қуанышы мол балалық шақ соғыс жылдарының қытымыр-қиын жылдарына алмасты.

Содан кейін өнер мен шығармашылық тағдырымда маңызды да мәнді оқиғалар легі азайған емес. Әр түрлі байқаулар мен фестивальдардың жеңісінен жүрегім қуаныштан қаттырақ соққан күндер де есімде...

Мен талай мамандықты байқап көрдім, бірақ Тағдыр менің опера әншісі, ұстаз, қоғам қайраткері болуымды қалағандай. Бүкіл өмірімді осыған арнадым.

Солтүстік Қазақстан облысының орталығы, Қазақстанның Ресеймен шектесетін ең солтүстік қиырында орналасқан Петропавл (Қызылжар) қаласы – менің өмірге келген жерім. Толып жатқан туыстарым мен әжем, әкем мен шешем мені кішкентай күнімнен еркелетіп өсірді. Мен өзімнің Ермек деген атыма сәйкес, барлық туысқандарымның қуанышы мен ермегі болдым. Әкем менің денсаулығымның жақсы болып өсуіне күш-жігерін аямады. Әжем менің тек бір ғана малдың сүтін ішіп, өсуім үшін арнайы сиыр ұстады.

Туысқандардан бөлек біздің үйде үнемі тәрбиешілер болатын. Анамның айтуы бойынша, бір тәрбиешіге байланысты жағдай жадымда қалыпты – ірі денелі сол тәрбиешінің қырылдаған даусынан мен қатты қорқады екенмін. Байғұс тәрбиеші бесікті жерде отырып тербетіп, бесік жырын айтады екен...

Әке-шешем мені қаланың сырт жағында тұратын әжемнің үйіне жиі әкеліп тұратын. Кішкентай кезімнен топ-толық бала болып өстім. Әсіресе жаңа сауылған сүтті жақсы көретінмін. Әжем сиырды сауып болысымен, шелектен бір кесе жылы сүтті толтырып алып, бірден ішіп қоятынмын. Әжемнің маған деген махаббаты мен қамқорлығының тәрбиелік мәні зор болды.

Менің әкем – Көкшетаудың керейі, анығырақ айтсам, Омбы қаласымен шектес жатқан Қызылту ауданынан шыққан қазақ зиялысы. Омбы және Уфа медреселерін бітірген әкем қатал мінезді, көп оқыған, аса білімді адам еді. Мағжан Жұмабаевтың досы әрі әріптесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Өлең, повесть, пьесалар жазумен айналысты. Ғылым академиясынан шыққан "Қазақ поэзиясының антологиясына" әкемнің кейбір шығармалары енген. Мұхтар Омарханұлы Әуезов маған былай деген еді:

– Менің жастау кезімде, Омбы қаласында сенің әкеңді кездестірдім. Сол кездің өзінде-ақ ол өте білімді еді. Сенің әкең – ақылды да парасатты адам болатын.

Менің анам – мен үшін дүниедегі ең қамқор ана. Біздің тамағымыз тоқ, үстіміз таза болсын деп тыным таппайтын. Әкем маған кейбір қылықтарым үшін ұрсайын десе, анам әрқашанда қорғап қалатын.

Соғыстың ауыр жылдары көз алдымда. Әсіресе мұғалімдердің, зиялы қауымның отбасыларына қиын болды. Әлі есімде, мен үйге кеш, кейде тіпті түнде келсем де, анам менімен бірге бір кесе шай ішіп, қара нанның үзімін бөлісу үшін ұйықтамай, күтіп отыратын. Бүгіндері ол кісі 100 жасқа толар еді. Анам өзінің барлық қуаныш, қайғы-қиындықтарын өзі білетін толып жатқан әндер арқылы жеткізетін. Біз ол кісінің көңіл күйінің қандай екендігін оның айтқан әндерінен сезуші едік. Петропавлда анамды әнші Зылиха деуші еді. Гармошка тартып, мандолинада шебер ойнайтын. Анамның екі бауыры да скрипка, мандолина, гармошка тартумен әуестенетін. Кеш сайын отбасылық концерттер өткізетін. Осының барлығы да менің музыкалық тағдырыма көп әсерін тигізгені анық.

Біз Көкшетауға көшіп келгенде, көршілеріміз ізгі ниетті орыс отбасы болды. Менің бақытыма орай, сол үйдің әке-шешесі мен балалары, барлығы да гитара, балалайка, мандолинада ойнайтын. Олардың ұлы Анатолий маған алғаш рет орыс балалайкасын ұстатты. Орыстың би әуені "Ты, Подгорная, широкая улица..." әнін үйрендім. Әке-шешем менің бұл әуестігімді білмейтін. Бір күні шешем екеуіміз базарда балалайка сатып тұрған кісіні көріп, одан балалайка сатып алғыздым. Мен әлгі "Подгорнаяны" балалайкада керемет орындап бергенімде, шешем қатты таңғалды. Кейін анам мені мандолинаға, ағам Ғалымжан скрипка ойнауға үйретті. Мен бірақ ол кезде нотаны білмейтін едім.

Біз 1937 жылы Көкшетаудан Алматыға көшіп келдік. Бұл халқымыздың біртуар ұлдары мен қыздары құғынға ұшыраған қиын уақыт еді. Алматыға келісімен әкем жұмысқа тұрып, тұрғын үй мәселесін шешуге тырысты.

Алматы қаласының № 31 мектебінде оқып жүріп, мен ылғи да көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысатынмын. Менің дауысым қыздардікі сияқты жоғары болатын. Әлі есімде мен Блантердің "... много славных девчат в коллективе, а ведь влюбишься только в одну" деп басталатын әнін жиі айтушы едім.

№ 54 мектеп (қазіргі Жібек жолы мен Фурманов көшелерінің қиылысында) салынып біткен кезде, мен оқуды сонда жалғастырдым. Мектепте халық аспаптар оркестрі ұйымдастырылып, мен оның жетекшісі де болғанмын.

Кейін мен Алматы музыкалық училищесінің скрипка класына қабылдандым. Соғыс жылдары Алматыға көптеген білікті мамандар көшірілген еді, олардың арасында мәдениет пен өнердің аса көрнекті өкілдері де болды. Бірақ маған радиоға диктор болып жұмысқа тұруға тура келді.

Радиода менің ұстаздарым – тәжірибелі дикторлар Қазақстанның халық артисі Әнуарбек Байжанбаев пен Мәриям Сейітова болды. Осында мен қазақ өнерінің ірі тұлғалары Күләш Байсейітова және Ғарифолла Құрманғалиевпен жақын таныстым.

Мен мұнда тұңғыш рет А.М.Москаленконың басқаруындағы Қазақ радиосының хорымен бірге ән айттым. Вокал бойынша алғашқы ұстазым республиканың халық артисі, хормейстер Б.А.Орлов болды. Радионың сол кездегі көркемдік жетекшісі, тамаша композитор Мұқан Төлебаев болатын. Сол кісі маған алғаш рет симфониялық оркестрмен радио арқылы ән салдырды. Радиода П.Чайковскийдің "Евгений Онегин" операсынан Греминнің ариясын орындадым. Әншілік карьерам осылайша бас партиясын орындаудан басталды.

Бір күні менің аса қадірлейтін Мұқан Төлебаевым мені жетектеп опера театрына алып келіп, тыңдаттырды да, театрдың әншісі болып қабылданатын болдым. Театр сахнасы кең де бос, айбынды еді. Осындай шеті-шегі жоқ үлкен сахнада, көрермендердің алдында біреулерді бейнелеу керектігін көз алдыма елестеткенде, менің қорыққаннан аяғым дірілдеп, "Жоқ, бұл мен үшін емес", – деп азар да безер болдым. Бір жыл бойы театрдың басшыларынан қашып жүрдім. Тек радиода ғана өзіме өзім келіп: "Сенің орның осында, Ермек", – дедім. Бірақ менің дауысым байқалып қала берді. Бірге жұмыс істейтін концертмейстерлер, музыканттар маған әншілікпен айналысып, консерваторияға түсуге кеңес берді.

Консерваторияның ректоры композитор Ахмет Жұбанов болатын. Мені кабинетіне шақырып алып, ол кісі маған: "Не дикторлық, не әншілік, біреуін таңда", – деп шарт қойды. Мен әншілікті таңдадым.

Консерваториядағы оқу көп еңбекті қажет етті. Біз оқуға жан-тәнімізбен, ықыласпен кірістік. Менің ұстазым – Қазақстанға соғыс кезінде келген, аса көрнекті музыкант, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Александр Матвеевич Курганов болды. Кургановтан дәріс алған белгілі әншілер – ағайынды Абдуллиндер, Роза Жаманова, Көукен Кенжетаев, Бекен Жылысбаев және басқалар еді. Ұстаздарым Валериан Каретников, Евгений Брусиловский, Дмитрий Мацуцин, Ахмет Жұбановтардың шәкірттеріне деген үлкен махаббаты әлі есімнен кетпейді. Өзінің пәнін төрт рет тапсыртқан музыка тарихының мұғалімі Лидия Гончарованы ешқашанда ұмытпаймын. Емтиханды соңғы рет тапсырғаннан кейін ол кісі маған: "Ермек, міне енді сен музыка тарихын беске білесің, бірақ педагогикалық және тәрбиелік тұрғыдан саған төрт қоямын", – деді.

Опера театры.
1947 жыл, сәуір.

Театр табалдырығын аттаған сәттен бастап, мені керемет шығармашылық топ қарсы алды. Сап алдында біздің мақтанышымыз болған – Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Серғали Әбжанов, Әнуарбек Үмбетбаев, сәл кейінірек – ағайынды Абдуллиндер, Кәукен Кенжетаев, Шабал Бейсекова, Үрия Тұрдықұлова, Манарбек Ержанов, Рахима Мұсабекова, Антонина Круглыхина, Александр Казакевич, Анатолий Овчинников, Зиновий Колтон, Ольга Молчанова, режиссерлар – Юрий Рутковский, Николай Липпоман, дирижерлер – Евгений Манаев, Григорий Столяров, Ғазиз Дуғашев, кейін – Фуат Мансұров, Тұрғұт Османов, Леонид Шаргородский және басқа көптеген өнер шеберлері тұрды.

Балет труппасында – Юрий Ковалев, Наталья Викентьева, Алмас Бекбосынов, Александр Селезнев, Нұрсұлу Тапалова, Зауырбек Райбаев, Рамазан Бапов, Раушан Байсейітовалар болды. Олар театрдың тарихы мен ұлылығын көрсететін ірі тұлғалар еді.

Опера театрының репертуарлық тарихы айта қаларлықтай ауқымды еді. Театр сахнасында екі жүздей опера және балет спектакльдері қойылды. Мен театрға алғаш келгенімде 21 жаста едім. Өзімнің қомақты опералық репертуарымнан Сіздерге тек кейбіреуін ғана атап кетейін: Абай, Ер Тарғын, Алпамыс, Төлеген Тоқтаров, Онегин, Жермон (Дж.Верди. "Травиата"), Фигаро (Дж.Россини. "Севиль шаштаразы"), Петручио (В.Шебалин. "Асауға тұсау"), Олег Кошевой (Ю.Мейтус. "Жас гвардия"), Володя ("Ағайынды Ульяновтар") т.б. Опера театрындағы еңбегімнің жемісті болуына сахнадағы әріптестерім, музыканттар, дирижерлер, балет, хор ұжымдары, өзімнің серіктестерім – Байғали Досымжанов, Роза Жаманова, Әлібек Дінішев және басқалардың көмегі мол болды. Олардың барлығын құшағыма қысып, бақыт тілеймін!

Менің шығармашылық өмірім опера театрымен тығыз байланысты – жарты ғасырдан астам ғұмырым сахнада өтті.

1953 жылы Бухаресттегі табысты өткен концертімнен соң, КСРО-ның Үлкен театрына жұмысқа шақырылдым. Бірақ Алматыға келгеннен соң, мен өзімнің туған елімде өмір сүріп, қызмет етуім керектігін бүкіл жан-жүрегіммен сезіндім. Кейінірек маған Үлкен театр сахнасында бірнеше рет өнер көрсетуге тура келді. Менің спектакльдеріме атақты музыканттар А.Мелик-Пашаев, Кирилл Кондрашин, Борис Хайкин, Василий Небольсин және басқалар дирижерлік етті. Әріптестерім Ирина Архиповаы, Юрий Мазурокты, Леокадия Масленниковаы, Григорий Антоновты әрқашанда аса жылы ілтипатпен еске аламын.

Одақтық радиода көптеген музыканттар, солистер мен дирижерлер: Иосиф Кобзон, Лев Лещенко, Гелена Великанова, Мүсілім Магомаев, Виктор Кнушевицкий, Юрий Силантьев, Александр Петухов, Николай Некрасов, композиторлар – Александра Пахмутова, Серафим Туликов, Александр Цфасман, Арно Бабаджанян, Александр Долуханян, Александр Зацепин (менің консерваториялық курстасым), Геннадий Подельский т.б. менің жақын достарым болды. Қазіргі заманның тамаша дирижерлері – Евгений Светланов, Владимир Федосеевпен бірге қызмет еткен уақытымды әрдайым ризашылықпен еске аламын.

Киноактерлармен бірлесе атқарған шығармашылық сапарларымыз үлкен достыққа ұласып кетті. Атап айтсам: Борис Андреев, Марина Ладынина, Людмила Хитяева, Зинаида Кириченко, Наталья Арынбасарова, Олег Стриженов, Наталья Фатеева, Надежда Румянцева, Клара Румянова, Николай Рыбников, Алла Ларионова, Николай Черкасов, Евгений Жариков, Наталья Гвоздикова. Мен жақын достарым Лидия Русланова, Людмила Зыкина, Ольга Воронец... тағы басқаларымен сапарлас, қызметтес болғанымды мақтан етемін.

Жақын досым Шәкен Аймановтың арқасында мен үш музыкалық: "Біздің сүйікті дәрігер", "Ән шақырады", "Тақиялы періште" фильмдеріне түстім. Осы жанрдағы Ш.Айманов шығармалары біздің киностудияның ең үздік, сәтті шыққан фильмдері саналады.

Ол, әрине, Шәкен ағаның өзінің үлкен музыкалық қабілетіне байланысты еді. Өкінішке орай, Шәкен Аймановтан соң бір де бір музыкалық фильмді көре алмадық.

Бұрынғы Кеңес Одағы мен шетелдерге гастрольдер, Белград, Бухарест, Польша, Женева опера театрларының сахнасы, мыңдаған спектакльдер мен концерттер, сан мыңдаған көрермендер, толып жатқан кездесулер мен әр түрлі әсерлердің арасынан жанға жылы, кейбір эпизодтар еске түседі.

Бельгиядағы концерттен соң, сахна сыртына іздеп келген кісі менен:

– Жас жігіт, сіз қайда оқыдыңыз? Италияда ма, Мәскеуде ме?– деп сұрады.– Әншілік білімді мен Алматыда, Қазақстанда алдым,– дедім.– Өкінішке орай, мен сіз айтқан қала мен республика туралы ешқашан естімеппін,– деді ол. Маған Қазақстан мен оның астанасы орналасқан жерді түсіндіру оңайға түспеді. Қоштасарда ол маған: "Сіздің орындау шеберлігіңізге қарағанда, ол – өте, өте мәдениеті дамыған халық. Мен сіздің еліңіз туралы көбірек білуге тырысамын",– деп уәде берді.

Осындай кездесулер аз болмайтын. Мен бірде Ленинградта барлығыңызға жақсы таныс бір адаммен кездестім. "Севиль шаштаразы" спектаклінен кейін қазақ студенттерінің бір тобы өздерінің қарапайым студенттік кешкі асына шақырды. Менің алдыма коньяк қойып, өздері арзан шараппен отырды. Кеш естен кетпестей көңілді өтті. Осы оқиғаны бұрынғы Байланыс министрі Сәбит Байжанов есіме салды.

Алматы темір жолының бастығы Амангелді Омаров та өте қызық бір оқиғаны айтып берді. Ол Новосибирск темір жол институтында оқып жүрген кезінде, бір топ курстастарымен бірге (арасында Кемеров облысының губернаторы Аман Төлеев те бар) опера театрындағы менің қорытынды концертіме билет ала алмағандықтан, көрермендер залына өрт сөндіру баспалдағы арқылы енгендігін еске алды.

Шығармашылық ұзақ ғұмырымда поездар мен теплоходтарда, ұшақтарда санасаң сан жетпейтін шақырым жолдар өтіппін. Осы уақыт аралығында әлемнің барлық түкпірінен көптеген достар таптым. Көз алдымда – жүздеген мемлекеттер, қалалар, ұжымшар, кеңшарлар, ауылдар... Миллиондаған көрермендер...

Осының барлығы ұлан-ғайыр еңбекпен келді. Өнердегі бақытқа жету жолында өткен ұйқысыз түндер, тынымсыз, мазасыз күндерге көз салсаңыз – адам баласының бойына Алла Тағала берген күш-қуаттың құдіретіне таңғаласың.

Республикаларда менің достарым көп. Олар – Тамара Ханым, Ғалия Измаилова, Бернара Кариева, Халима Насырова, композитор Мұхтар Ашрафи, Евгения Мирошниченко, Галина Олейниченко, Дмитрий Гнатюк, Борис Гмыря, Сара Бейшеналиева, Асанхан Жұмақматов, Болат Мыңжылқиев, Мария Биешу, Евгений Дога т.б.

Енді, міне, сексен жасымда мен өзімді қаусаған кәрілердің қатарына қосқым келмейді. Тамашасы мен тылсымы қатар ғаламда жүре түрғым келеді. Туған халқыммен қауыша бергім келеді!

Келер ұрпақтың алар асулары менікінен де биік болсын!

Жер бетінде тек жақсылық пен тыныштық орнап, баршамызға Жаратқан тек бақыт сыйласын, қазақ елі мен оның мәдениеті гүлдене берсін!

Ермек Серкебаев

Эта книга отражает лишь малую часть моего жизненного пути. Как и у каждого человека, в моей жизни были взлеты и падения, были и большие творческие подъемы. Беззаботное, радостное, безмятежное, хоть и не без огорчений, детство сменилось трудными годами военного лихолетья. В дальнейшем было немало важных и значительных событий в творчестве, в искусстве. Довелось испытать радость и сладость побед на различных фестивалях, конкурсах. Я перепробовал различные профессии, но Судьба привела меня, в конце концов, на истинно творческий путь оперного певца, концертного исполнителя, педагога, общественного деятеля. Этому я и посвятил всю свою жизнь.

Родом я из Северного Казахстана. Мой родной город – Петропавловск (Кызылжар) – в географическом отношении находится в самой северной точке Казахстана, недалеко от границы с Россией. С малых лет я был любимцем и баловнем бабушки, отца и матери, дядюшек и тетушек. Дом, в котором я жил вместе с родителями, находился, как я помню, на главной улице города. Я был забавой (Ермек в переводе с казахского – забава) и радостью всех моих родственников. Отец очень заботился о моем здоровье. Бабушка специально держала корову, чтобы поить меня молоком.

Кроме родственников, в нашем доме постоянно были няньки. Из воспоминаний моей матери запомнился смешной момент, связанный с одной из моих нянь: она обладала низким и грубоватым голосом, звуков которого я очень боялся, пугала меня и ее огромная фигура. Бедной няне поэтому приходилось качать качалку, сидя на полу, и петь колыбельную песню.

Мои родители часто приводили меня к бабушке, жившей на краю города у самого обрыва. С детства у меня всегда был хороший аппетит, и поэтому я выглядел полненьким, упитанным. Особенно любил парное молоко. И когда бабушка, подоив корову, шла мне навстречу, я заставлял ее ставить ведро на землю, зачерпывал полную кружку парного, пенистого молока и тут же выпивал. Большое влияние на мое воспитание оказала бабушка своей любовью, теплотой и заботой.

Мой отец родом из кереев, жил в Кокшетау, если говорить точнее, это Кызылтуский район, граничащий с городом Омском. Отец представлял нашу казахскую интеллигенцию. Он закончил медресе в Омске и Уфе. Это был очень образованный и начитанный человек с твердым характером. Был большим другом и соратником Магжана Жумабаева. Отец преподавал казахский язык и литературу. Увлекался поэзией, писал стихи, повести, пьесы. Академия наук издала Антологию казахской поэзии, в которую вошли некоторые его произведения. Мухтар Омарханович Ауэзов мне говорил: “Когда я был молодым человеком, я встретил твоего отца в г. Омске. Уже тогда он был образованным. Твой отец – умнейший и мудрейший человек, береги его!”

Моя мама – самая заботливая из всех матерей. Она всегда беспокоилась о том, чтобы мы были сыты и ухожены. И всегда выступала в защиту, когда отец наказывал меня за те или иные проступки. Вспоминаются тяжелые годы войны. Особенно трудно было интеллигенции, семьям учителей. Помню, когда я возвращался вечером домой, иногда поздно, мать не спала и ждала меня, чтобы выпить со мной чашку чая и проглотить маленький кусочек черного хлеба. Сегодня моей матери было бы 100 лет. Все трудности, радости и горе она выражала в песнях, которых знала множество. И мы всегда знали, что если мать поет веселую песню, значит, на душе у нее хорошо. В своем Петропавловске она считалась первой певуньей. Ее так и звали “Энши-Зылиха”. Она играла на гармошке и мандолине. Кстати, оба ее брата увлекались игрой на скрипке, мандолине и гармошке. Вечерами устраивали домашние концерты. Вся эта обстановка сыграла немаловажную роль в моей дальнейшей музыкальной судьбе.

Когда мы переехали в Кокшетау, нашими соседями по дому оказалась очень милая русская семья. К моему счастью, эта семья – мать, отец и сын – играла на различных инструментах: гитаре, мандолине, балалайке. Их сын Анатолий впервые дал мне возможность прикоснуться к русской балалайке. И даже научил меня играть на ней. Первым произведением в моем репертуаре была русская плясовая “Ты, Подгорная, Подгорная, широкая улица...”. Мои родители еще не знали о моем увлечении. Однажды

мы с мамой пошли на базар, где увидели человека, продающего балалайку. Я настоял, чтобы мне ее купили. Каково было удивление моих родителей, когда я с большим жаром сыграл им ту самую "Подгорную". Позже мама научила меня играть на мандолине, мой дядя Галимжан – на скрипке, хотя, конечно, я еще не знал нотной грамоты.

Наша семья в 1937 г. переехала из Кокшетау в Алма-Ату. Это были тяжелые годы. Подвергались репрессиям лучшие сыны и дочери народа. По приезде в Алма-Ату отец устроился на работу, старался разрешить и жилищные проблемы.

Учась в школе № 31 г. Алма-Аты, я всегда участвовал в школьной художественной самодеятельности. У меня был очень высокий, почти девичий голос. И я, помню, пел песню Блантера "...много славных девчат в коллективе, а ведь влюбишься только в одну..."

Когда построили школу № 54 (ныне – ул. Жибек жолы, угол ул. Фурманова), я продолжил учебу в этой школе. Здесь был создан оркестр народных инструментов, и я даже стал его руководителем.

Позднее стал студентом Алма-Атинского музыкального училища по классу скрипки. Во время войны в Алма-Ату были эвакуированы многие крупные специалисты, среди них были и выдающиеся деятели культуры и искусства. Моим педагогом стал доктор музыки Карл Брюкнер из Эстонии. Но в силу обстоятельств мне пришлось оставить скрипку и работать на радио в качестве диктора.

Моими учителями на радио были очень опытные дикторы – народный артист Казахской ССР Ануарбек Байжанбаев и Мариям Сеитова. Здесь я очень близко познакомился с выдающимися мастерами казахского искусства Куляш Байсеитовой и Гарифуллой Курмангалиевым.

Впервые я попробовал свой голос в хоре при Казахском радио под управлением А.М. Москаленко. Моим первым педагогом по вокалу был хормейстер Б.А. Орлов – народный артист республики. Художественным руководителем на радио в то время был замечательный композитор Мукан Тулебаев. Это он заставил меня впервые выступить по радио в качестве певца с симфоническим оркестром. Я исполнил арию Гремина из оперы П.И. Чайковского "Евгений Онегин". Таким образом, свою вокальную карьеру я начал с басовой партии.

Однажды мой дорогой Мукан Тулебаев, взяв меня буквально за руку, потащил в оперный театр, где меня прослушали и решили принять в качестве солиста. Сцена театра была пуста и огромна. От страха у меня подкосились ноги, когда я представил себе, что должен на этой огромной, необъятной сцене кого-то изображать, да еще перед такой многочисленной аудиторией... "Нет, – сказал я, – это не для меня". И просто сбежал. В течение целого года я скрывался от художественного руководства театра. Пришел к себе на радио и сказал: "Вот, Ермек, твое место в жизни". Но мой голос постоянно давал о себе знать. Окружающие меня на работе концертмейстеры, музыканты советовали серьезно заняться вокалом и поступить в нашу консерваторию. В то время ректором был композитор Ахмет Жубанов. Вызвав меня в кабинет, он поставил условие: "Или дикторство, или пение, выбирай". Я выбрал пение.

Учеба в консерватории проходила напряженно. Мы относились к ней преданно и фанатично. Мой педагог, человек, попавший в наш Казахстан по воле судьбы, один из тех специалистов, которые были эвакуированы сюда во время войны, Александр Матвеевич Курганов – заслуженный деятель искусств Казахстана. Его учениками были многие видные наши певцы: братья Абдуллины, Роза Джаманова, Каукен Кенжетаев, Бекен Жилисбаев и другие. В моей памяти запечатлелась огромная любовь педагогов к своим ученикам: Валериан Каретников, Евгений Брусиловский, Дмитрий Мацуцин, Ахмет Жубанов и другие. Помню преподавателя по истории музыки Лидию Гончарову, которая четыре раза заставляла меня пересдавать экзамен по ее предмету. После сдачи экзамена в последний раз она сказала: "Вот теперь, Ермек, ты историю музыки знаешь на пять, но с педагогической и воспитательной точки зрения я ставлю тебе отметку четыре".

Оперный театр.
Апрель 1947 г.

Почти вся моя творческая жизнь связана с нашим оперным театром: более чем полвека прожито на его сцене.

Когда я в апреле 1947 г. перешагнул порог театра оперы и балета, то встретил здесь великолепный творческий состав. Во главе его стояли артисты, сегодня составляющие нашу гордость: Куляш Байсеитова, Канабек Байсеитов, Курманбек Жандарбеков, Гарифулла Курмангалиев, Сергали Абжанов, Ануарбек Умбетбаев, позднее – братья Абдуллины, Каукен Кенжетаев, Шабал Бейсекова, Урия Турдыкулова, Манарбек Ержанов, Рахима Мусабекова, Антонина Круглыхина, Александр Казакевич, Анатолий Овчинников, Зиновий Колтон, Ольга Молчанова, режиссеры – Юрий Рутковский, Николай Липпоман, дирижеры – Евгений Манаев, Григорий Столяров, Газиз Дугашев, позднее – Фуат Мансуров, Тургут Османов, Леонид Шаргородский и многие, многие другие выдающиеся мастера.

Балет представляли Юрий Ковалев, Наталья Викентьева, Алмас Бекбосынов, Александр Селезнев, Нурсулу Тапалова, Заурбек Райбаев, Рамазан Бапов, Раушан Байсеитова. Это были люди, создавшие историю и великолепие театра.

Очень богата репертуарная история оперного театра, на его сцене было поставлено около 200 оперных и балетных спектаклей. Когда я пришел в театр, мне был 21 год, теперь стою на пороге 80-летия. Из моего большого оперного репертуара хочу напомнить вам ведущие роли: Абай, Ер Таргын, Алпамыс, Толеген Тохтаров, Онегин, Жермон ("Травиата" Дж. Верди), Фигаро ("Севильский цирюльник" Дж. Россини), Петручио ("Укрощение строптивой" В. Шебалина), Олег Кошевой ("Молодая гвардия" Ю. Мейтуса), Володя ("Братья Ульяновы") и многие другие. Своим успехом в оперном театре я во многом обязан моим коллегам по сцене, музыкантам, дирижерам, режиссерам, балету, коллективу хора, своим партнерам Байгали Досымжанову, Розе Джамановой, Алибеку Днишеву и многим другим. Всех их я нежно обнимаю и желаю им счастья.

После успешного выступления в Бухаресте в 1953 г. я был приглашен на работу в Большой театр Союза ССР. Однако, приехав домой в Алма-Ату, я душой и сердцем почувствовал, что должен жить и творить на своей родной земле. Впоследствии мне много раз приходилось петь на сцене Большого театра. Моими дирижерами в спектаклях были выдающиеся музыканты А. Мелик-Пашаев, Кирилл Кондрашин, Борис Хайкин, Василий Небольсин и др. С большой теплотой всегда вспоминаю моих коллег Ирину Архипову, Юрия Мазурка, Леокадию Масленникову, Григория Антонова и многих других.

Моими друзьями стали многие музыканты – солисты и дирижеры – на Всесоюзном радио: Иосиф Кобзон, Лев Лещенко, Гелена Великанова, Муслим Магомаев, Виктор Кнушевицкий, Юрий Силантьев, Александр Петухов, Николай Некрасов, композиторы: Александра Пахмутова, Серафим Туликов, Александр Цфасман, Арно Бабаджанян, Александр Долуханян, Александр Зацепин (мой однокурсник по консерватории), Геннадий Подельский. С удовольствием вспоминаю совместную работу с выдающимися дирижерами современности: Евгением Светлановым, Владимиром Федосеевым.

Большая дружба и совместная творческая работа долгие годы продолжались с киноактерами. Это были большие творческие поездки по стране с Борисом Андреевым, Мариной Ладыниной, Людмилой Хитяевой, Зинаидой Кириченко, Натальей Аринбасаровой, Олегом Стриженовым, Натальей Фатеевой, Надеждой Румянцевой, Кларой Румяновой, Николаем Рыбниковым, Аллой Ларионовой, Николаем Черкасовым, Евгением Жариковым, Натальей Гвоздиковой. В этих программах участвовали мои близкие друзья: Лидия Русланова, Людмила Зыкина, Ольга Воронец... всех не перечислить.

